

«Өркен» балалардың әл-ауқатын
арттыру ұлттық ғылыми- практикалық
институты» КеАҚ президентінің
2025 жылғы _____
№ _____
бұйрығымен бекітілді

«ЖЕЛІДЕГІ ҚАУІПСІЗДІК» ЧЕЛЛЕНДЖІН ӨТКІЗУ ТУРАЛЫ ЕРЕЖЕ

1. Жалпы ережелер

1.1. Осы Ереже «Желідегі қауіпсіздік» челленджінің (бұдан әрі – Челлендж) мақсаттарын, міндеттерін, өткізу тәртібі мен қатысу шарттарын айқындайды.

1.2. Челлендждің ұйымдастырушысы – «Өркен» балалардың әл-ауқатын арттыру ұлттық ғылыми-практикалық институты» коммерциялық емес акционерлік қоғамы (бұдан әрі – Ұйымдастырушы).

1.3. Челлендж Қазақстан Республикасында балалар мен жасөспірімдердің цифрлық және психологиялық қауіпсіздігін қамтамасыз ету, сондай-ақ кибербуллингтің, интернет-тәуелділіктің және онлайн-ортадағы деструктивті ықпалдардың алдын алу бойынша профилактикалық жұмыс аясында өткізіледі. Іс-шара Қазақстан Республикасының орта білім беру саласындағы әдістемелік қамтамасыз ету бойынша мемлекеттік тапсырмасын орындау мақсатында «Қазақстан Республикасында балалардың құқықтарын қорғау және әл-ауқатын қамтамасыз ету жүйесін ғылыми-әдістемелік және ақпараттық-ресурстық қолдау» бағыты бойынша жүзеге асырылады.

2. Мақсаты мен міндеттері

Челленджтің мақсаты – балалар мен жасөспірімдердің цифрлық, физикалық және психологиялық қауіпсіздік мәселелеріне жауапты әрі саналы көзқарасын қалыптастыру, интернет кеңістігінде және күнделікті өмірде қауіпсіз мінез-құлық мәдениетін дамыту, сондай-ақ бала-жасөспірім ортасында достық, сенім және өзара көмектесу құндылықтарын нығайту.

Міндеттері:

✓ оқушылардың цифрлық сауаттылық деңгейін және интернет пен әлеуметтік желілерді пайдалану кезінде туындайтын қауіптер туралы хабардарлығын арттыру;

✓ балалар мен жасөспірімдерге онлайн-ортада қауіпсіз мінез-құлық дағдыларын қалыптастыру, жеке деректерін қорғау және интернеттегі қауіп-қатерлерді тану қабілетін дамыту;

✓ балаларды жағымды белсенділік түрлеріне тарту арқылы кибербуллингтің, интернет-тәуелділіктің және деструктивті онлайн-ықпалдың алдын алу;

✓ цифрлық кеңістікте жауапты және этикалық қарым-қатынас мәдениетін

дамыту;

✓ мектеп, ата-аналар және балалардың интернеттегі қауіпсіздігі мәселелері бойынша мамандар арасындағы ынтымақтастықты нығайту;

✓ оқушылар арасында достық, өзара құрмет және өзара көмектесу құндылықтарын қалыптастыру арқылы қауіпсіз әрі үйлесімді қарым-қатынас негізін қалыптастыруға ықпал ету.

3. Қатысушылар

3.1. Челленджге жалпы орта білім беру ұйымдарының оқушылары мен сынып жетекшілері қатысады. Іс-шараға бір оқушы да, бүкіл сынып та қатыса алады.

4. Өткізу форматы

4.1. Челлендж онлайн және офлайн форматтарда интерактивті, шығармашылық және ақпараттық-ағартушылық әдістерді қолдану арқылы өткізіледі.

4.2. Онлайн-формат:

✓ әлеуметтік желілерде **#ЖелідегіҚауіпсіздік2025** және **#БезопасностьВСети2025** хэштегтерімен посттар, бейнероликтер және стористер жариялау;

✓ цифрлық қауіпсіздік тақырыбында онлайн-викториналар, челленждер, тесттер және интерактивті тапсырмалар өткізу;

мектептердің желідегі қауіпсіз мінез-құлықты насихаттауға бағытталған республикалық акцияға қатысуы.

4.3. Офлайн-формат:

✓ интернет қауіпсіздігі мәселелері бойынша сынып сағаттары, тренингтер, пікірталастар және квесттер ұйымдастыру;

✓ мектепшілік плакат көрмелері, эссе және бейнероликтер байқауларын өткізу;

✓ педагог-психологтермен, киберполиция өкілдерімен, IT-мамандармен және киберқауіпсіздік саласындағы сарапшылармен кездесулер ұйымдастыру.

4.4. Жұмыстар әлеуметтік желілерде институттың ресми парақшаларын белгілеу арқылы жарияланады (Instagram: orken_instituty; Facebook: Orken Institute және **#желідегіқауіпсіздік2025** / **#безопасностьвсети2025**) хэштегтерімен белгіленуі тиіс.

5. Шарттар

5.1. Челлендж аясында дайындалған материалдар келесі идеяларды қамтуы тиіс:

- интернетті саналы пайдалану: цифрлық кеңістіктің адамның өміріне, мінез-құлқына және эмоциялық жағдайына қалай әсер ететінін түсіну маңызды;

- желіде қауіпсіздік өзіңнен басталады: әрбір бала онлайн ортадағы өз әрекеттері үшін жеке жауапкершілік алады;

- кибердостық және құрмет: буллингті, агрессияны және жалған

ақпарат таратуды болдырмайтын қарым-қатынас мәдениетін қалыптастыру;

- деректеріңді қорға: жеке ақпаратты, құпиясөздерді және құпиялылықты сақтау ережелері;

- бейжай қалма: егер сен буллингке немесе желідегі қауіпті әрекеттерге куә болсаң, ересектерге немесе мамандарға жүгіну қажет;

- интернет – даму құралы: цифрлық ресурстарды білім алу, шығармашылық және өзін-өзі дамыту үшін пайдалану, деструктивті әрекеттерге емес;

- қолдау және өзара көмек: достық, сенім және жағымды қарым-қатынас – қауіпсіз онлайн кеңістіктің негізі;

- сын тұрғысынан ойлау: шынайы ақпаратты фейктен ажырата білу, манипуляция мен арандатуға бой алдырмау.

Осы идеяларды бейнероликтер, посттар, плакаттар, стористер және басқа да ақпараттық материалдар әзірлеу барысында қолдану ұсынылады.

6. Өткізу тәртібі

6.1. Челлендж **2025 жылғы 9–17 қазан** аралығында өткізіледі.

6.2. Осы Ереже бекітілген сәттен бастап күшіне енеді.

6.3. Ұйымдастырушы Челленджді өткізу шарттарын нақтылап, толықтыру құқығын өзіне қалдырады.

6.4. Челлендж аяқталғаннан кейін барлық әлеуметтік желілердегі жарияланымдарға сілтемелер көрсетілген есептер қалыптастырылып, белгіленген формаға сәйкес **22 қазанға** дейін Білім басқармасына жолданады.

ЧЕЛЛЕНДЖ «ЖЕЛІДЕГІ ҚАУІПСІЗДІК» БОЙЫНША МАТЕРИАЛ ҰСЫНУ ҮЛГІСІ

№	Мектеп атауы	Қатысушылар саны	Әлеуметтік желілердегі сілтемелер
1			
2			
3			
4			